

Жастык шак – адам өмірінің қызык пен қуанышка толы тамаша кезені ғой. Мүқалмас жігер мен жалынды күш-қайраттын шыны. Адамның адамдық бітім-болмысы да, кісілік келбеті де осы жастык дәуренде жасаған игі істерінен нәр алады, қалыптасады. Кешегі өткен бабаларымыз жырга қосқан “Пай-пай, жиырма бестін” ауылынан алыстаған сайын өмірлері онегемен өрілген, айналасына үлгі, отбасына сыйлы, барын халыққа сарқып берген адамдығы асқак, азаматтығы бір төбе жандардың жүріп өткен сүрлеулерімен танысуға құмартады екенсін. Басқаны қайдам, өзім адамның атағы мен мансабына емес, адамгершілігіне, мағыналы ғұмырдариясына үнілуді жөн санаймын. Өмірдің бүралан жолында, қиын күз-шатқалында адами ұстанымынан ауытқымайтын жандарды іздеймін.

[buy cialis ebay](#)

[cialis buy generic levitra](#)

[fake generic cialis](#)

[buy cialis brisbane](#)

[cheap real cialis](#)

[price of cialis](#)

argaiv1797

Өніріміздің тарихында ұрпақ болашағы үшін үлгілі іс тындырып, өзінің саналы ғұмырын елдің дамуы мен өркендеуіне арнаған, ел мүддесін өз мүддесінен биік қойған айтулы тұлғалардың өмірі мен қызмет жолы – бүгінгі және ертенгі ұрпақ үшін тағылымды мектеп, ғибрат, онеге. Қоп жылдар бойы кенес заманы кезінде кеншар деп аталған ірі шаруашылықты басқарған айтулы азамат Манабай Үмітбаевтың еңбекпен шыңдалған азамат екеніне жуырда ол тұратын Шал ақын ауданының орталығы – Сергеевка қаласына сапарлап барғанымда анық қоз жеткіздім. Бізді күшак жая қарсы алып, өнгіме тиегін ағытқан оның өне бойынан, бітім-болмысынан бар қарым-қабілетін, күш-қуатын, ерік-жігерін халықтың жақсы тұрмысы жолында сарқып берген есіл еңбектің самалы есіп тұрды.

– Жастык шак жарқ өткен жасындай өтеді де кетеді екен. Тек адамның сол кездері атқарған адал еңбегі, маңдай тері, онегелі жұмысы, мәрт мінезі тасқа басылған танбадай қалады-ау. Өткен күнге өкпем жоқ. Жастык жігерімді қарапайым халықтың бақытты тұрмысына арнағаным үшін Алланың, содан кейін адамның алдында ризамын, – деп бастады өнгімесін Манабай Үмітбаев.

Кейін сөзін шорт кесіп, қабырғаға арқасын сүйеп біраз уақыт үнсіз отырды да, ой жетегімен сағымдай бұлдыраған өткен күндерді еске алды. Осындай сәтте есіне темірқазықтай адастырмайтын дұрыс жол сілтеген әкесі Қажымұрат Үмітбаевтың берген тәлім-тәрбиесі, онегесі түседі. Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан даласына белдерін бекем буып аттанған жауынгерлерге рух беруі, қолындағы бар дүние-мүлкін сатып, түскен қаржыны танқ сатып алуға жұмсауы өңіріміздің, тіпті, еліміздің тарихында кездесе бермеген ерлік, оқиға. Мұндай азаматтар сол кездегі кенес тарихында да онша көп болған жоқ. Қазақтың данқын әлемге әйгілеген балуан – Қажымұқан Мұнайтұпасұлының өз қаражатына соғысқа арнап ұшак жасатқанын, осылайша, елін, жерін шексіз сүйген нағыз батыр екенін дәлелдегенін халық жақсы біледі ғой. Сол сияқты, Қажымұрат Үмітбаевтың да онегелі ісі елдің жадында. Ел басына күн туганда етігімен су кешкен дара түлгәдан тәлім алған Манабай Үмітбаевтың көкейіне: “Әке онегесіне, аманатына адалдық таныта алдым ба?” – деген сұрақ қонақтағанда оның есіне түсетін сөз тағы да өке өсиеті. “Қиын күндер шөкім бұлтай өте шығады. Бірақ сол сәтті елмен бірге өнсергенге не жетсін?!”.

Иә, өкенің темірдей тәлімі ерке ұлдың өмірден өз жолың жанылмай табуына септесті. Жастайынан өнбекке өтене араласқан Манабай аға трактор айдап, жер жырты. Ауылдың тыныс-тіршілігіне бала жастан қанықты. Өзінің өзгелер қызыға қарарлықтай өмірін өзі қалыптастырды. Елу жылға татитындай он жылдан астам өнбек жолында ол ауыл шаруашылығынан басқаға табан аудармай, асқан жауапкершілік пен ауыр бейнеттен тұратын мәртебелі салаға жегілді.

Онашада ой жетегінде отырғанда оның есіне Ысқак Ыбыраев атындағы кеншарға алғаш рет басшы болған жылдары оралады. Тұралаған шаруашылық, “Шықпа жаным, шықпаның” күйін кешіп отырған ауыл жұртшылығы. Қораларындағы бірлі-өкілі малдарын қытымыр қыстан қысылтпай шығаратын жемшөптін, сабанның да жоқ кезі. Мезгіл болса үскірік аяз. Қол қусырып, қолда барға қанағат өтіп қарап отыруға болмайды. Ел өріне қараған шакта басты төмен салбыратуға жол жоқ. Дәл осындай қысылтаян сәтте басшының бойында іскерлік пен ұйымдастырушылық қабілет болмаса, ауыл халқының салы суга ғана емес, үміттері күрдымға кетеді деген сөз. Халық пен кеншардың малын қиын кезден алып шыққан Манабай Үмітбаевтың өселі өнбегі өкеніне бүгінде өшкім шүбө келтірмейді. Жемазык табу онай болмады. Осы сәтте ойына Рөсейдің Түмен облысындағы бір кеншарды басқаратын өскі танысы түседі. Сонда жатып алыстан арбалап, өлді аман сактап қалады. Кеншардың бір-өкі жылдан бері істен шығып, жұмыс істемей тұрған астық қырманын тазалап, жұмысқа жарамды өтуі де ерлік дерсін. “Осы ауыр жұмысты менімен бірге атқарған азаматтардың көбі бүгінде о дүниелік болып кетті”, – деп күрсінді ол өңгіме арасында.

Осындай өрен өнбектің арқасында ауыл да, кеншар да қыстан аман шықты. Жаз шығып,

ел аркасы кенге салынганда кызу жұмыс басталады. Малға жемшоп дайындап, тұрғындарды тынымсыз еңбектің жемісті болатынына үндейді, сенбіліктер ұйымдастырады. Халықтың еңбегін ортақ мақсат – қалайда аяқтан нық тұруға, еңбекпен еңсені қотеруге, қыстың қамын жазда ойлауға жұмылдырады. Осындай толассыз тындырымды жұмыстардан кейін тұрғындар жүрегінде болашаққа деген сенім мен үміттің оты маздады.

Ірі шаруашылықты аяғынан тұрғызған Манабай Қажымұратұлы бейнетпен келетін еңбектен жасқанбайды. Қандай істің болсын күрмеуін тез шешу үшін халықпен бірге болу, солардың қолдауына сүйену керектігін түсініп, айналасын-дағыларды ортақ мақсатқа жұмылдыра білді. Жемшоп қорын молайтты. Егістік көлемін айтарлықтай ұлғайтты. Осылайша, халықтың тұрмысы түзеле бастады. Қеншардың бөлімшесі Қоктерек ауылының қосшелеріне асфальт төсеп, шағын ауылдың тамырына қан жүгіртті. Ал орталық қоныста Мәдениет үйі бой қотерді. Тұрғындар игілігіне берілген 350 орындық әсем ғимарат бүгін де ауыл ортасында асқақтап тұр. Осындай ірілі-үсақты жұмыстардың ең шоктығы биігі, қазіргі осып келе жатқан ұрпаққа ұлгі боларлығы Қариялар үйін салып, іске қосты. Бұл адам бойындағы жақсылық атаулының ана сүтімен даритынын терең түсінген азаматтың өзгелерден ерек болмысын одан сайын айшықтай түсті.

...Жол шетіндегі орындықтарда мұны да, сыры да ұқсас үш жалғызбасты ананың бір-бірлерімен елеусіз ғана әңгімелесіп отыратыны Манабай ағаны да бейжай қалдырмады. Біраз жасқа таяса да, өмірден баз кешіп жүрген қариялардың тағдырлары аянышты еді. Бастарында жеке баспаналары, бауырларында балалары жоқ оларды қорған шаруашылық басшысы жандарына жақындап:

– Үшеуіңіз бір үйде тұрсаныздар, қалай болар екен. Сіздерге зәулім үй салып берсек деген ниетіміз бар, – деді. Бұл сөз қариялардың жүрегіне қуаныштың дәнін сеуіп, қонілдеріне нұр болып құйылды. Үйдің құрылысы да жан-жақты ойластырылды. Мандайшасындағы Аналар үйі деген атау да ақсақалдың жүрегінен шыққан сөз. Қартын сыйлағанның қазынасы мол. Осы сияқты, ілкімді істерде Манабай Үмітбаевтың еңбегі сайрап жатыр. Еселі еңбек елеусіз қалмады. Оның түрлі дәрежедегі марапаттары аз емес. Алайда, Манабай аға үшін қашанда ауыл тұрғындарының, өзі осып-өнген жерінің алғысы бәрінен де артық, бағалы.

Жастық жалынмен атқарылған ерен еңбектер бүгінгі таңда оның ойына өткеннің қорқам естелігіндей елестейді. “Адамды адам ететін адамгершілігі мен еңбек қана. Құдайға шүкір. Осы екеуін де еңшіме салып берген туган ауылымның азаматтарына алғыстан басқа айтарым жоқ”, – дейді Манабай аға өткен күндерді еске алып. Ол жасын деп

жасқанбады. Омірдің биік зангарларына ұмтылды. Талаптанды. Ең бастысы, адал еңбекті жан-тәнімен сүйді.

Даусыз, әке – биік асқар тау, отбасының тірегі, қам-қоршысы. Балаларына сөзімен, ісімен, мінез-құлқымен, жүріс-тұрысымен, керек десеңіз, қас-қабағымен де тәлім-тәрбие беретін темірқазығы! Осы сөздерді Манабай ағаға қарата айтуға әбден болады. Зайыбы Құлеш екеуі бауырынан тараған төрт баласына саналы тәрбие берді, шама-шарқыларыңша оқытты, тоқытты. Ата-ана үшін балаларының өмірдің түрлі саласында жемісті қызмет атқаруынан, өз жолдарын жанылыспай табуларынан, жеке отау құруынан асқан бақыт бар ма?!

Бүгінде ол қуса жеткізбейтін, сағымдай бұлдырап көрінетін өткен өміріне оқпай артпайды. Саналы ұл-қыз өсіріп, олардан немере-жеңдер сүйіп отырғанына, абыройлы өмір сүргеніне іштей шүкіршілік етеді.

Адамның адамшылығы ел мен жерге, өзі өмір сүрген ортаға деген қарым-қатынасынан білінетін болар. “Жақсыменен өткізген жарты сағат, жаманның өтіп кеткен ұмырындай”, – демекші Манабай ағамен сұхбаттасқан аз ғана уақытта оның осынау жетпіс жылдық ұмырында адамгершілікпен тыныстап өскенімен қанықтым. “Артыңызға, жетпіс жылдық ұмырдарияңызға бұрылып қарағанда қоз алдыңызға қандай жайттар елестейді, сананыңызға не дүниелер оралады?” – деп сұрганымда:

– Өмір деген ағын судай екен. Лезде өте шығады. Пәнде үшін адамдықтан асқан байлық та, бақыт та жоқ. Адам өтірікке, жамандық атаулыға жуымаса, адалдығы өмірдің биік баспалдақтарына бастайды. Шынайылық, қайырымдылық, кешірімділік сияқты қасиеттер де ердің қанаты болуы тиіс. Жанымен, жүрегімен қандай шаруа істесін, мейлі лауазымды қызмет, мейлі қарапайым қара жұмыс болсын, жанын беріп атқаратын азаматтарды үнемі қолдаймын. Тәубе, өткенге оқпем жоқ. Өміріме, отбасыма, зайыбыма, балаларыма, жора-жолдастарыма ризамын. Олар менің қылдай қиянатқа иек артпауыма да көп жәрдемдесті, – деді ол.

Бұл өмірдің бұралған жолдарында адамгершілікті ту өткен нағыз ер-азаматтың сөзі.

Жуырда қолыма ақын Есенқұл Жұқыпбектің кітабы тиді. Сол кітаптағы ақынның:

“Молдірлікке атбасын бұрып барған,

Бір жақсылық күтеді ол тұнық таннан.

Жаман пиғыл тоспайды ешкімнен де,

Ешкімнен де сыры жоқ бұгіп қалған.

Езуінен жиылмай күлкі керім,

Осылай-ақ күн кешсін, шіркін, ерін.

Мылтық кезеп сен оған тұрар болсан,

Ойнап тұр деп ойлауы мүмкін онын.

Оміріннің әр күні бір сын еді,

Озгелердің қамы үшін күрсінеді.

Сен әшейін бас шайқап қоя салған,

Киянаттан ол катты түршігеді, – деген олен жолдары атак-дәрежені, мансапты емес, бәрінен ар-вұтты, абыройды жоғары қойған азамат Манабай Үмітбаевтың дарқан болмысын одан сайын айшықтап түр емес пе?! Иә, өмірде адамға ең қерегі абырой десек, ол табанды еңбектің, тынымсыз ізденістің, қажырлы қайраттың, білім мен біліктің, күш пен жігердің нәтижесінде ғана келеді. Міне, осындай адами қасиет-терімен қоғамда лайықты орнын тапқан Манабай Үмітбаев – өмірдің мәнін, адамдықтың сырын пәнделіктен жоғары парасатпен пайымдай алатын, жақсылыққа күштар, жамандыққа жаны қас, тік сойлеп, әділетті шешім қабылдауға бейім, өзінен зорларға жағынып, жалтандамаған ардақты азамат.

Ол жас ұрпаққа олшеусіз үлгідей көрінетін биігіне кейбір пысықайлар сияқты ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп жеткен жоқ, бойындағы табиғат берген асыл қасиеттерінің: білімінің, парасатының, ақылының арқасында бағындырды. Адамды тура жолынан адастыратын жалғандыққа жаны қас Манабай аға бүгінде жетпістің белесіне үлкен абыроймен келіп отырғаны да сондықтан. Халық үшін атқарған қыруар шаруасын реті келгенде көзге шұқып көрсетпейтін мұндай азаматтар кеуделеріне тағылған орден, медальдармен мақтанбайды, үнемі тұрғындардың шынайы ризашылығына болғандықтан қозғайды.

Басқаларға үлгі еткің келіп тұра-тын азаматтар болады. Мінезі – кесек, тұлғасы – нар, істеген ісі – зор. Ол басқаларды жақсылығымен жа-рылқап, шапағатына болеп жүреді. Жаратылысынан атаның емес, адам-ның баласы. “Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын”, – деген көпке жанашыр таби-ғаты тағы бар. Міне, Манабай Үмітбаев – осындай дара азамат. Елбасымыз “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” атты мақаласында туган жер, өскен ортасына көмек қолын созған жандардың атына жылы лебіз білдіріп: “Туган жеріне көмек жасаған жан-дарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек”, – деген болатын. Манабай Үмітбаев сынды азаматтың ел үшін, тал бесігі – туган жері үшін жасаған еңбегі осындай болашағы зор үлгіге бастамаға бір мысал боларлықтай.

Нұрғұл ОКАШЕВА,

“Солтүстік Қазақстан”.

Суретті түсірген

Талгат ТӨНІБАЕВ.